

Герман кредит желісі бойынша берешекті өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 7 қараша N 1356

Герман кредит желісі бойынша Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің KFW Kreditanstalt fur Wiederaufbau герман банкінің ұсынған шоттары негізінде "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының герман кредит желісі бойынша жалпы сомасы 20676284,06 неміс маркасі (жиырма миллион алты жүз жетпіс алты мың екі жүз сексен төрт неміс маркасі алты пфеннинг) мерзімі кешіктірілген берешегіне, сондай-ақ 1996 жылға арналған республикалық бюджетінің "Сыртқы экономикалық қызмет" бөлімі бойынша көзделген қаражат есебіне есептелген айыппұл сомасына жүргізілген төлеміне келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

"Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының герман кредит желісі бойынша 233784 мың (екі жүз отыз үш миллион жеті жүз сексен төрт мың) теңге сомасында республика бюджеті алдындағы берешегіне азаматтардың жекелеген санаттарына байланыс қызмет көрсетулері бойынша жеңілдіктер берілгені үшін Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі алдындағы республика бюджетіне берешегі есебіне есептеме жүргізісін.

берешектердің есептемесін аталған соманы республика бюджетінің кірістер және шығыстар бөліктерінде көрсете отырып жүргізісін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Экспорт-импорт банкі "Қазақтелеком" ұлттық акционерлік компаниясының кредитор алдындағы берешегін өтеуге республика бюджетіне тартылған қаражатты, есептемеге қатысатын қаржыларды қоспағанда, сөзсіз қайтаруды қамтамасыз етуге шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК